



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАҒИДАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде сөйлеген сөзі

Бүгін елімізде – Полиция күні және Мемлекеттік қызметші күні аталып өтуде. Сондықтан, алдымен, еліміздегі полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мейрамдарымен құттықтаймын. Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрсіздер. Қазір дүние жүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни, өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет. Сол себепті, бүгін біз алғаш рет осындай құраммен жиналып отырмыз. Құқық қорғау жүйесіндегі барлық жауапты құрылымдар жұмыла жұмыс істеуі қажет.

Елімізде «Заң мен тәртіптің» қатаң сақталуына қоғам өкілдерінің қосар үлесі де орасан зор. Қазір осы жиынға орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар, сарапшылар және белсенді азаматтар қатысып отыр. Күштік құрылымдарды жаңғырту ісінде жаңа буынның атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті, бүгінгі басқосуға академиялардың курсанттары да арнайы шақырылды.

2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылық саны шамамен екі есе азайды. Соның ішінде қарақшылық, тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендеді, ал кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміді. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 80 пайызға азайды. Бұл – азаматтарымыз көшеде ештеңеден қауіптенбей, алаңсыз жүре алады деген сөз.

Келесі маңызды міндеттің бірі – отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдер мен балаларды қорғау. Осы бағытта заңнамалық, институционалдық тұрғыдан батыл қадамдар жасалуда. Отбасылық зорлық-зомбылық жасағаны үшін берілетін жаза едәуір күшейтілді. Бір жыл бұрын тиісті заң қабылданды. Заңға енгізілген түзетулер мен басқа да шаралар нақты нәтиже бере бастады. Орташа және ауыр деңгейдегі отбасылық-тұрмыстық қылмыс саны жыл басынан бері 30 пайызға төмендеді.

Жалпы, соңғы 5 жылда әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар екі есе азайды. Ең бастысы, қазір қоғамдық сана түбегейлі өзгеріп жатыр. Азаматтарымыздың бойында отбасындағы қатігездік пен озбырлыққа мүлдем төзбеушілік қасиеті қалыптасуда.

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы кешенді жұмыс атқарылуда. Биылдың өзінде 83 есірткі зертханасы жойылып, айналымнан алынған есірткі заттарының көлемі 84 пайызға ұлғайды.



Есірткі өндіргені үшін берілетін жаза қатаңдатылды. Тіпті, өмір бойы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Қазақстанда кірісті жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрестің халықаралық озық стандарттарға сай тиімді жүйесі қалыптасты. 2019 жылдан бері ЖІӨ-дегі көлеңкелі экономиканың үлесі 23 пайыздан 16 пайызға дейін төмендеді. Бірақ әлі жоғары деңгей сақталып отыр. Мемлекет жауапкершілігі мол әрі адал кәсіпкерлерді қорғап, қолдау білдіреді.

Менің арнайы тапсырмам бойынша Бас прокуратура жалпы сомасы 34 триллион теңге болатын шетелдіктердің қатысы бар жүздеген инфрақұрылымдық жобаға құқықтық тұрғыдан көмек көрсетіп келеді. Алайда отандық бизнесті негізсіз қылмыстық қудалау мәселесі толық шешімін тапқан жоқ. Бас прокуратура бұл жұмысты жалғастырғаны жөн.

Жемқорлыққа қарсы күресу үшін нақты, жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Менің тапсырмаммен сот арқылы жемқорлардан алынған қаражат мектептер салуға жұмсалуда. Үш жылдың ішінде 89 мектептің құрылысына 150 миллиард теңгеден астам қаражат берілді (соның ішінде 61 мектеп пайдалануға берілді).

Құқық қорғау органдары түбегейлі өзгерістерге дайын болуға тиіс. Түйткілдің бәрін жан-жақты ойластырып, жоспарлы түрде шешу қажет. Құзырлы органдардың негізгі мақсаты – нақты нәтижеге қол жеткізу.

Мемлекет басшысы әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру, қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру қажеттілігін атап өтіп осы жұмыстың негізгі басымдықтарына тоқталды.

Сіздердің күнделікті жұмыстарыңыз қауіп-қатерге толы. Өкінішке қарай, Тәуелсіздік жылдарында 842 азамат қызметтік міндетін орындау кезінде қазаға ұшырады, 4,5 мың адам жарақат алды. Бүгін біз қаза болған ерлеріміздің жақындарына марапат тапсырамыз. Ержүрек сақшылардың ерлігі халыққа

жанқиярлықпен қызмет етудің үлгісі ретінде жұртымыздың жадында сақталуға тиіс. Осы орайда, мен мекемелік наградаларға қызмет бабында қаза болған қаһармандардың есімін беру мәселесін қарастыруды ұсынамын. Сондай-ақ көшелер мен құқық қорғау мекемелерін батырлардың атымен атауға болады. Мұндай тәжірибе елімізде бұрыннан бар. Лаңкесті ұстау кезінде ерлікпен қаза тапқан Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың есімі Тараздағы орталық көшелердің біріне берілді. Сондай-ақ қаладағы оқу-жаттығу полигоны да батырдың атымен аталған. Таяуда оның өмірі мен ерлігі туралы «Капитан Байтасов» атты көркем фильм көрермен назарына ұсынылмақ. Өрт сөндіру кезінде опат болған Асқар Забикулин де елдің есінде. Астанадағы Өрт сөндіру бөліміне және сол бөлім орналасқан көшеге оның есімі берілді. Бұл азаматтарды нағыз бейбіт күннің батырлары деуге болады. Олар ақтық демі қалғанша антқа адал болды, қызметтік парызын өтеу жолында өз өмірлерін құрбан етті.

Елге және заңға қызмет етуге бел буған әрбір азамат адамгершілік пен әділдік құндылықтарын басшылыққа алады. Қылмысқа қарсы күресті қастерлі парыз деп санайды. Мұндай қасиеттер адамға, ең алдымен, отбасындағы тәрбие арқылы беріледі. Құқық қорғау саласында ата-анасының жолын қуып, отбасы дәстүрін жалғастырып жүрген қызметкерлер аз емес. Қазір біз үш атадан бері тәртіп сақшысы болған Зайнулиндер әулетінің өкілдерін марапаттаймыз. Мен бүгін барша құқық қорғау жүйесінің ардагерлеріне зор алғыс айтамын. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Сондай-ақ бүгін мен бес жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген бірқатар ауылдың ақсақалдарын марапаттаймын.

Әрине, құқық қорғау мекемелерінің жұмысында ешқандай қателік немесе жетіспеушілік жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ қара бұлтты төндірудің де қажеті жоқ. Бәріміз бір ел, бір халық болып Қазақстанымыз үшін қызмет етіп, табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ ұлттық парыз, азаматтық борыш. Қазақстан қауіпсіз, заң мен тәртіпке бағынатын ел болуы керек. Сондықтан менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесі бір аптаның ішінде Құқық қорғау органдарының жұмысы туралы арнайы талдау дайындауы керек. Барлық түйткілдерді ашық түрде көрсетеді, мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Бұл – өте маңызды жұмыс, оны жалғастыру қажет. Түптеп келгенде, біздің басты бағдарымыз – айқын. Бұл – заң мен тәртіп қағидаты.

Қуатты әрі тәуелсіз сот жүйесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Судья және сот қызметкері күнімен құттықтауы

Құрметті Судьялар және сот қызметкерлері! Биыл – сот тәрелігін атқаруға жауапты азаматтар үшін айрықша маңызды жыл. Себебі, осыдан 30 жыл бұрын ел егемендігінің, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мызғымас тірегі саналатын Қазақстан Конституциясы қабылданды.

Қуатты әрі тәуелсіз сот жүйесі құқық үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру ісінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан біз осы стратегиялық маңызы бар салада жүйелі түрде реформа жүргізіп келеміз. Сот ісі жетілдіріліп, басқару үдерістері оңтайландырылып, осы салаға цифрлық технологиялар енгізіліп жатыр. 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі үш дербес кассациялық сот жұмыс істей бастайды. Бұл қадам азаматтардың және бизнестің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арналған институционалдық мүмкіндігін едәуір арттырады.

Жұртшылықтың әділдікке деген сенімі көбінесе судьялардың кәсіби біліктілігіне, кез келген істі қараған кезде ұстанымына берік болып, бейтараптық таныта алуына тікелей байланысты. Осы маңызды әрі жауапты миссия терең құқықтық білімді, заң үстемдігін үнемі бәрінен биік қояды талап етеді.

Сот қызметкерлері мен ардагерлеріне қажырлы еңбегі мен өз кәсібіне адалдығы үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Сіздер Әділетті Қазақстанды құру ісіне өлшеусіз үлес қоса бересіздер деп сенемін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, толағай табыс тілеймін!

Президент журналистер қауымын Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.

– Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары мемлекетімізде ауқымды өзгерістер

БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттады

жасалуда, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Осыдан 3 жыл бұрын жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызды жаңғырттық. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасадық. Елімізде «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Билікке

саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни, өз ойын заңға сәйкес айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. Заң мен тәртіп тұжырымдамасы қоғамымыздың сана-сезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізілген реформалар экономика саласында да өз

жемісін беріп жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

– Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің текетіресі ушығып, кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өршіп барады. Әлемдік аренада күрделі, бізге беймәлім, терең түсінуді қажет ететін үдерістер орын алуда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады.

(Жалғасы 2-бетте).

БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттады



(Соңы. Басы 1-бетте).

Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрын-соңды болмаған қиындықтар әкеледі. Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мемлекеттің табысты дамуының басты факторына айналады. Алдағы іргелі өзгерістердің ауқымын білген жөн. Өркениет көшінен қалмау үшін инновацияны барлық салаға қарқынды түрде енгізу қажет. Мемлекет басшысы ретінде осы іске баса мән беремін. Жасанды интеллектің кеңінен таралуы кез келген мамандыққа, соның ішінде сіздердің кәсіптеріңізге де мүлдем жаңа талаптар қояды. Көптеген сарапшылар келешекте адам еңбегін алгоритмдер алмастыратынын айтып жүр. Алайда бұл өзгерістер журналистиканың жаңа мүмкіндіктерін, шын мәнінде екінші тынысын ашуы өбден мүмкін. Қазірдің өзінде жаңа нейрожелілер сұранысқа ие бірегей контент өндіру үшін қажет ақпаратты іздеп, талдай алатын пайдалы құралға айналды. Отандық журналистер әрдайым шығармашыл, жаңашыл әрі дамуға құштар. Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиасаланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына барлық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге

мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, алмағайып, бұлыңғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз – тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жиынға ақпарат саласының ардагерлері арнайы шақырылғанына назар аударды.

– Сауық Жақанова, Жарылқап Бейсенбайұлы, Шархан Қазығұл сияқты журналистика майданшаралары ортамызда отыр. Сіздер ұлттық ақпарат саласын дамытуға зор үлес қостыңыздар. Тілшілердің тұтас буыны өздеріңізге қарап өсті. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін. Қай салада болсын, адал еңбек лайықты бағалануға тиіс. Бұл – бәріміз бірге құрып жатқан әділетті қоғамның мызғымас ұстанымы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградамен марапаттады.

Іс-шарада журналистика саласының ардагері Шархан Қазығұл, «Казахстанская правда» газетінің бөлім меңгерушісі Юлия Магер және «Хабар» телеарнасының жүргізушісі Гүлнәзия Зарипова сөз сөйледі.



XI международный военно-патриотический сбор молодежи «Айбын»

Президент Казахстана – Верховный главнокомандующий Вооруженными силами Касым-Жомарт Токаев принял участие в открытии XI международно-го военно-патриотического сбора молодежи «Айбын».

В этом году масштабное мероприятие, объединившее около 800 участников из Казахстана, Азербайджана, Беларуси, Кыргызстана, России и Узбекистана, проходит в Актюбинской области. Сбор посвящен двум знаменательным датам: 80-летию Великой Победы и 100-летию Алии Молдагуловой.

В своей речи Касым-Жомарт Токаев отметил особую роль военно-патриотического сбора в деле укрепления духа молодого поколения.

По словам Президента, в нынешнее нестабильное время важно сохранять приверженность исторической правде и помнить уроки той страшной войны. По мнению Главы государства, служба в армии – это высокая честь. Казахстан придает особое значение военно-патриотическому воспитанию подрастающего поколения.

– Сильная армия – оплот нашей Независимости и гарант динамичного развития страны. Сегодня в строю стоят по-настоящему патриотичные, смелые и крепкие духом граждане. Будущее казахстанской армии – в ваших руках! Вы также вносите свой вклад в строительство Справедливого и Безопасного Казахстана. Как Верховный главнокомандующий я твердо верю в нашу молодежь – образованную, честную и целеустремленную, – заявил Президент.

В рамках сбора юные участники продемонстрируют свои способности в интеллектуальной игре «Айбын дарыны», технологическом конкурсе Smart Sarbaz и творческом состязании «Айбын жұлдызы». Программа также включает стрельбу из пневматической винтовки, разборку и сборку автомата Калашникова. Помимо этого, участников ждут спортивные соревнования, военно-тактическая игра «Күшіміз бірлікте», традиционный вечер у костра с исполнением патриотических песен.

После церемонии открытия министр обороны генерал-лейтенант авиации Даурен Косанов презентовал Главе государства инновационный учебно-тренировочный комплекс подготовки операторов FPV-дронов и летного состава, оснащенный современными тренажерами и симуляторами.

Далее Президент ознакомился с проектами кружка юных робототехников Smart sarbaz, а также послушал выступление детского военно-патриотического оркестра духовых инструментов «Жас сарбаз».

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Облыс әкімдігінде өңір басшысы Мемлекеттік қызметшілер күніне орай аталған сала мамандарын құттықтады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиында қатысушылар алдында құттықтау сөз сөйлеген Бейбіт Исабаев мемлекетке, халыққа қызмет етудің маңыздылығы туралы атап өтіп, өңірді дамытудың негізгі бағыттарына тоқталып, осы ретте облыс қайта құрылғаннан бергі 3 жыл ішінде әлеуметтік-экономикалық салаларда қол жеткізген жетістіктер жайлы қысқаша баяндады.

Мәселен, үш жыл бойы аймақ әлеуметтік-экономикалық даму индикаторы бойынша республикада үздік үштіктің ішінде болды. Облысқа 1,2 трлн. теңге инвестиция тартылды. Көп қабатты үйлер мен жеке тұрғын үйлер бой көтерді. Әлеуметтік нысандар жаңарды, елді мекендер газдандырылып, жолдар жөнделді. Транзиттік әлеуеті зор «Талдықорған-Үшарал», «Үшарал-Достық» жолдары пайдалануға беріліп, «Сарыөзек-Көктал» тас жолы, оның ішінде Алтынемел асуының жолы жаңғыртылды. «Жаркент-Көктал», «Жаркент-Қорғас» жолының негізгі учаскелері күрделі жөндеуден өткізілді. 30 жылдай жөндеу көрмеген «Үштөбе-Көпбірлік» автомобиль жолы қалпына келтірілді. Көп жылдар бойы жыр болған Молалыдан Балқаш көліне дейінгі жолдың құрылысы аяқталып, көлік құралдарының жүруі толық қамтамасыз етілді. «Сырт көзге бұл жұмыстардың бәрі өздігінен жасалып жатқандай көрінгенімен, оның артында қаншама тынымсыз еңбек, ерік-жігер, талап пен табандылық жатыр. Кәсіби мереке қарсаңында облысты дамыту жолындағы қажырлы еңбектеріңіз үшін бәріңізге ризашылығымды білдіремін», – деді Б. Исабаев.

Әкім жастарды мемлекеттік қызметке тартудың маңызына да назар аударды. Өңірде жоғары оқу орындарында грантта оқып, үздік бітірген түлектерді мемлекеттік қызметке конкурстан тыс қабылдау тетігі жұмыс істейді. Осы бағдарлама бойынша өткен жылдан бастап қызметшілер қатарына 24 жас маман қосылған. Сонымен қатар жыл басынан бері облыстың барлық атқарушы органдарында eqyzmet.gov.kz порталы арқылы «адам факторынсыз» іріктеудің жаңа жүйесі енгізілді.

Өңір басшысы ашықтық, адалдық және кәсіби даярлық кадрлық саясаттағы басты алғышарттар екенін, өңірде меритократия қағидаты 70% деңгейінде қалыптасқанын атап өтті. Бұл ретте әкімдікте жұмыс істейтіндердің арасында шетелдік білімі бар, ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері, сондай-ақ Президенттік кадр резервінің қатысушылары бар. «Жан-жақты білімді, креативті ойлай алатын жастардың мемлекеттік қызметісіне оң ықпалын тигізетіні анық», – деген Б. Исабаев сөзінің соңында білім мен тәжірибеге қоса әрбір қызметші өзінің кәсіби-тұлғалық болмысын үнемі дамытып отыруы керектігін айтып, қарапайымдылық қағидатымен өмір сүретін адал қызметші, кәсіби білікті маман, патриот азамат қана мемлекетті алға жылжытатынын атап өтті.

Осы күні мемлекеттік қызметте жолын енді бастаған жас мамандар Еділ Орымбеков, Дастан Құдайберген, Айдана Арин Отанға, Конституцияға және Қазақстан халқына адал болуға ант берді. Бұдан соң мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп келе жатқан бірқатар азаматқа марапаттар тапсырылды. Соның ішінде аудан, қала әкімдіктерінің, облыстық басқармалардың, облыс әкімі аппаратының қызметкерлері «Үздік мемлекеттік қызметші», «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгілерімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысында Алқап күні шарасы өтті. Бұл басқосуды облыс әкімдігі «Август-Қазақстан» компаниясымен бірлесіп Ескелді ауданы Бақтыбай ауылындағы «Дүйсембинов А.К.» шаруа қожалығының аумағында ұйымдастырды, оған өңірлерден агроөнеркәсіптік кешеннің жетекші мамандары жиналды.

Биыл Жетісуда рапс, зығыр және үрмебұршақ өсіруге ден қойылды

Кездесудің басты мақсаты – ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласында тәжірибе алмасу, заманауи агротехнологиялар мен жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасының үлгілерін көрсету.

Іс-шараға қатысушылар алдында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев сөз сөйледі. Ол биылғы іс-шараның өткен жылғы Алқап күнінен айырмашылығы, биылғы жылы аймақта қарқынды енгізу жоспарланып отырған дақылдар – рапс, зығыр және үрмебұршақ өсіру технологиясына баса назар аударылғанын атап өтті:

– Бұл дақылдар фермерлер үшін экономикалық тұрғыдан тиімді. Сонымен қатар бүгін біз суарудың дискретті әдісін ұсынып отырмыз, бұл суды үнемдейтін технология, оны қолдану оңай әрі қолжетімді, – деді.

Ұйымдастырушылар тәжірибе алмасу, жаңа технологияларды көрсету, фермерлердің және ғылым мен бизнестің арасындағы ынтымақтастықты нығайту іс-шараларының маңыздылығын атап өтті. Кездесу барысында өнімділікті арттыру, суды тиімді пайдалану және техниканы жаңғырту мәселелері талқыланды.

Атап өтсек, «Дүйсембинов А.К.» ШҚ – ұзақ жылғы тәжірибесі бар, бүгінде мал және өсімдік шаруашылығымен айналысып келе жатқан табысты отбасылық кәсіп саналады. Оның алқабында бидай, арпа және жемшөп дақылдарын өсірілуде.

– Биыл біз алғаш рет зығыр, үрмебұршақ, рапстың неміс сортын септік. Бұл тиімділігі жоғары дақылдар аймақтың климаттық жағдайларына төзімді, әрі оларға деген нарық сұранысы жоғары. Бүгінде біздің мелигімізде төрт шаруашылық, 50 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар және 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, – дейді шаруашылық басшысы Айдын Дүйсембинов.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



• Заң және тәртіп

ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫНА ҚОСЫЛУҒА ШАҚЫРДЫ

2025 жылғы 18 маусымда Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бастамашылық еткен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясына қосылу жөніндегі өтінімді мақұлдады.

Аталған Конвенцияға қатысу қазақстандық құқық қорғау органдарына қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер алуға, заңсыз жолмен шетелге шығарылған активтерді елге қайтаруға, қылмысқа қарсы күрес және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз

ету саласында 46 еуропалық мемлекетпен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл елімізде «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы аясында халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы заңдылықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатқа сәйкес келеді.

Сонымен қатар, аталған көпжақты халықаралық құжатқа қосылу Қазақстанды қылмысқа қарсы іс-қимыл саласында әрбір еуропалық мемлекетпен жеке екіжақты шарттар жасасу қажеттілігінен босатады.

Айта кету керек, Қазақстан осы Конвенцияға қосылу үшін 20 жылдан астам уақыт бойы қадамдар жасап келеді, алайда бұрынғы өтінімдер Еуропа Кеңесіне мүше кейбір мемлекеттердің қарсылықтарына байланысты үнемі қабылданбаған.

Мұндай шақыртуды алу Қазақстанның қылмыстық құқықтық жүйесіне, оның ішінде заң үстемдігіне, адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына еуропалық қауымдастық тарапынан сенімнің белгісі және қазақстандық прокурорлар мен дипломаттардың көпжылдық қажырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады.

ҚР Бас Прокуратурасы.

Мемлекеттік қызметтер – қолжетімділік пен сапаның кепілі

Бүгінде Қазақстанда халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер заманауи талаптарға сай оңтайландырылып келеді. Бұл – азаматтардың өмірін жеңілдетуге және бюрократияны азайтуға бағытталған маңызды қадам.

Мемлекеттік қызметтерді: eGov порталы, "eGov mobile" қосымшасы, "E-Salyq Azamat", Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы алуға болады.

Электрондық форматта көрсетілетін қызметтер саны жылдан-жылға артып келеді. Қазіргі таңда 90%-дан астам қызмет онлайн түрде қолжетімді. Бұл уақыт пен шығынды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдар халыққа сапалы қызмет көрсетуі тиіс. Бұл – азаматтар мен мемлекетті жақындастыратын басты құрал. Қызмет алушының құқығы қорғалуы, ақпараттың ашықтығы және кері байланыстың болуы маңызды.

Мемлекеттік қызметші әдебі

Мемлекеттік қызметші – ел мен халық арасындағы жауапты тұлға. Оның әдебі, кәсібилігі және мінез-құлқы қоғам алдындағы сенімге тікелей әсер етеді.

Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқын реттейтін Әдеп кодексі мен заңдар бар. Онда адалдық, әділдік, сыпайылық, ашықтық және жемқорлықтан ада болу талаптары белгіленген.

Қызметкер халықпен қарым-қатынаста сыпайы, ашық, заңды және әділ болуы тиіс. Ол лауазымын жеке пайда үшін емес, ел мүддесі үшін қолдануы керек.

Мемлекеттік қызметшінің этиканы сақтауы – тек жеке абырой емес, бүкіл мемлекеттік органдардың беделіне әсер етеді. Сондықтан әр қызметкердің әдебі – елге қызмет етудің айнасы болуы тиіс.

Д. ДАЙЫРЖАН,
Черкасск ауылдық округі әкімінің
аппаратының бас маманы.



Дін мен дәстүр – зайырлы қоғам кепілі

осы рухани дәстүр түркі қағанаты тұсында да жалғасын тапты. Исламды қабылдаған түркі жұртында бұл үрдіс аруақтарға арнап ас беріп қана қоймай, құран оқып сауабын өлілерге бағыштаумен толықты. Бұл үрдіске танымдық қырынан келер болсақ қазақтың қанына біткен аруақ сыйлау наным ата-ананы құрметтеу әдебімен ұштасады.

Біз қорымның қасынан өтіп бара жатқанда бет сипаймыз. «Қабірлерді зиярат етіндер, өйткені қабірдегі зиярат ақыретті естеріңізге салады» деген хадис бар. Осы дәстүрге шошына қарайтын

әсіредіншілдер қандай жағдайда болса да қабір жанынан ойсыз, асығыс-үсігіс өте салмаған, қолынан келсе құран бағыштап, тым болмаса «тие берсінін» айтып бет сипап өткен амамыз қазақтың аманатына қиянат жасап жүргенін біле ме?

Демек қазағымыз ұстанатын дәстүрдің әрбірінде пайғамбарымыздан бастау алып келе жатқан қастерлі қағидалар бар екенін естен шығармайық.

Жомарт ИГИМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Ауыл шаруашылығы санағының алғашқы кезеңі – листинг жұмыстары жүргізілуде

Мемлекет басшысының өкіміне және Үкіметтің қаулысына сәйкес, ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы шешім қабылданған болатын. Ауыл шаруашылығы санағының мақсаттары мен міндеттері - ауыл шаруашылығы саласының нақты жағдайы туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу, елдің азық-түлік ресурстарын қалыптастырудағы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, әрбір санатының рөлі туралы толық деректер алуы, ауыл шаруашылығы өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған ауыл шаруашылығы әлеуметтік экономикалық саясатты әзірлеу.

Санақтың негізгі бөлімдері жер ресурстары және оларды пайдалану, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, техникалық құралдар, өндірістік үй-жайлар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, инфрақұрылымның қолжетімділігі, еңбек ресурстары, шаруашылық жүргізу шарттары, цифрлық технологияларды пайдалану және т.б. туралы ақпаратты қамтиды.

Осыған орай 2025 жылдың 1 маусымынан бастап Сарқан қаласында ауыл шаруашылығы санағының алғашқы кезеңі – листинг жұмыстары басталды. Листинг – бұл тұрғын үйлердің бар-жоғын, орналасу мекенжайын және олардың пайдалану мақсатын анықтау жұмыстары.

Аталған кезеңде жұмыс жүргізу үшін 4 адам тартылып, үйлерді аралау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін қала бойынша 5094 үй араланды. Бұл жалпы жоспарланған 5806 үйдің 87 пайызын құрайды.

Санақтың маңыздылығы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында қаланың екі нүктесіне билбордтар орнатылып, жергілікті әкімдіктің ресми әлеуметтік желі парақшаларында тиісті хабарландырулар жарияланды.

Литинг кезеңі 30 маусым күні аяқталады.

Өз тілшіміз.

2025 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!

1 тамыз-20 қазан

**Ауыл шаруашылығы
санағы**

1 августа-20 октября

**Сельскохозяйственная
перепись**

1446

www.sanaq.gov.kz



• Спорт



«J-LEAGUE» өз мәресіне жетті

Жетісу облысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес қолға алынған «J- LEAGUE» жобасы аясында жасөспірімдер арасындағы волейболдан «Шұбар доп», баскетболдан «Алтын доп», футболдан «Былғары доп» жарыстарының ақтық кезеңі өз мәресіне жетті. Аталған жобаның іріктеу кезеңдеріне облыс бойынша 887 команда, яғни 8870 бала қатысқан болатын. Соның ішінен 600 үздік жас спортшы ақтық сынға жолдама алып, өзара мықтыларды анықтады және жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.

«Алтын доп» кезеңінің жеңімпаздары:

I орын – Stars командасы (Сарқан ауданы), II орын – Жансүгіров командасы (Ақсу ауданы), III орын – Найман командасы (Сарқан ауданы).

«Шұбар доп» кезеңінің жеңімпаздары:

I орын – Жансүгіров командасы (Ақсу ауданы), II орын – Алакөл командасы (Алакөл ауданы), III орын – Тамшыбұлақ командасы (Ақсу ауданы).

«Былғары доп» 2014-2015 жылғы жасөспірімдер:

I орын IT зияткерлік 28 орта мектеп (Талдықорған қаласы), II орын Баисов мектебі (Ескелді ауданы), III орын 8 орта мектеп (Текелі қаласы).

2012- 2013 жылғы жаспірімдер:

I орын Пенжім орта мектебі (Панфилов ауданы), II орын 8 орта мектеп (Текелі қаласы), III орын Үшарал орта мектебі (Алакөл ауданы).

2010-2011 жылғы жаспірімдер:

I орын «Жетісу» командасы (Ескелді ауданы), II орын Алғабас ауылы (Көксу ауданы), III орын Күреңбел командасы (Кербұлақ ауданы).

Өз тілшіміз.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Осындай тақырыппен Алмалы ауылдық кітапханасында Социалистік Еңбек Ері Күмісбек Буашевті еске алу жиыны өтті. Жиынға шақырылған қонақтар шопан «Адам мәртебесі жоғары» атты фото-галереямен танысып, мектеп оқушыларының қатысуымен «Қойшының бір күні» деп аталған қойылымды тамашалап, Күмісбек Буашевтің ерен еңбегі көрініс табатын деректі фильмнен үзінді көрді.



Еңбекпен өткен ғұмыр

Күмісбек Буашев XX ғасырдың қилы кезеңдерін бастан өткеріп, еңбекпен ел есінде қалған дара тұлға. Ол 1906 жылы бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданында дүниеге келген. 1928 жылы Кеңес үкіметі ұйымдастырған ірі феодалдарды төркілеу науқанының зардабынан болған ашаршылыққа куә болған жан. Сол қиын кезеңде анасымен және туған - туыстарымен бірге Жетісу жерінен, қазіргі Сарқан ауданынан қоныс тапқан. Осы өңірде «Қызыл ту» колхозына мүше болып кірген. Бұл ауыл кейін Новопокровка деп аталып «Энергия» колхозын құрады.

1941-43 жылдары еңбек армиясында

болған Күмісбек Буашев денсаулығына байланысты әскерден босатылған соң ауылшаруашылығында еңбек етіп, еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында жоғары марапаттарға ие болды. Адал еңбегінің айғағындай «Тыңды көтергені үшін» медалімен марапатталды. 1958-1959 жылдары жүз саулықтан жүз елу қозы алып, жоғары көрсеткішімен ерекшеленді. 1966 жылы еселі еңбегі әділ бағаланып, СССР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Өмірбаяны Қазақстан Республикасының «Алтын кітабына» алтын әріппен жазылды.

1964 жылы Ленин орденімен марапатталды. Сонымен қатар «Қазан төңкерісі», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері. Жыл сайынғы жемісті еңбегі ескеріліп, Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің үш алтын, екі күміс медалін жеңіп алған. Мал шаруашылығын өркендетудегі жүйелі еңбегінің нәтижесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. 1986 жылдың 18 тамызында 80 жасында дүниеден өткен Күмісбек атаны жерлестері мақтан тұтады. Еңбек Ерінің атында Алмалы ауылында және аудан орталығы Сарқан қаласында көше

берілген.

Жиында Күмісбек Буашевтің ұлы, ауылшаруашылық саласының ардагері, зоотехник-ғалым Құрман Күмісбекұлы, ұлағатты ұстаз, педагогика саласының ардагері Ұлжан Күмісбекқызы, Сарқан ауданының Құрметті азаматтары Сәдуақас Садықов, Жомарт Игіман сөз алып, еңбегімен ел есінде қалған тұлға туралы естеліктерімен бөлісті.

Жиын барысында әсем ән шырқалып, әсерлі әңгімелер өріс алды. Шараны аудандық кітапхананың әдіскері Айсұлу Сейполдина қорытындылап, «Жұмысшы мамандығы» жылына орай ұйымдастырылған еске алу жиынына қатысқан аға буын өкілдеріне ризашылығын білдірді.

Өз тілшіміз.

С каждым годом остаётся все меньше и меньше участников и свидетелей тех страшных событий. Иногда одна фотография может стать началом большого пути. В нашем семейном архиве хранится снимок моего деда в военной форме. Этот портрет вызывал во мне множество вопросов: кем он был, где воевал, какие испытания выпали на его долю? Я захотела узнать больше о его судьбе.

В беседе с мамой я выяснила, что мой дед, Какоткин Николай Архипович, был разведчиком и дошел до Берлина. После войны он вернулся домой в 1946 году. Эти сведения разожгли во мне жажду узнать как можно больше о его военном пути. Это было началом моего поиска. Я нашла своего прадеда на портале «Память Народа». Исследуя документы, я выяснила, что он служил в 190-й разведывательной роте и имел звание старшины. Действительно, он был разведчиком, задачей которого была добыча различных сведений о численности и расположении противника, которые обеспечивали боевые действия советских войск. Это была очень ответственная и трудная задача, ведь каждый шаг требовал предельного сосредоточения, малейший шум мог выдать его присутствие.

Думаю, что за годы службы он привык к опасности. Разведка – это искусство, где важно не только видеть, но и слышать, чувствовать, предугадывать. Видимо, нередко ему приходилось скрываться от патрулей, замирать в кустах, когда рядом проходили немецкий солдаты. Думаю, что в такие моменты время словно останавливалось, а сердце отбивало ровный ритм тревоги. Полагаю, что полученные Николаем Какоткиным сведения помогали ковать Победу, избегать ненужных потерь. Каждый выход моего деда за линию фронта – это подвиг во имя Победы. Его участие в войне отмечено несколькими наградами, среди которых медаль «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» (май 1945 года), Орден Отечественной войны II степени (май 1945 года), а также медали «За освобождение Варшавы» (июнь 1945 года) и «За взятие Берлина» (июнь 1945 года).

Каждая из этих наград – не просто знак доблести, а свидетельство героиче-

Моя семья в истории Великой Отечественной войны

В этом году исполнилось 80 лет Победы в Великой Отечественной Войне. Мы все знаем, что эта война по своим масштабам, человеческим жертвам и разрушениям не имела себе равных за всю мировую историю. Война длилась 1418 бесконечных дней и ночей. Эта беда затронула каждую семью и сердце каждого гражданина Советского Союза. И конечно, эта трагедия коснулась абсолютно каждой семьи в Казахстане.



ского подвига. Ведь разведка – это особый род войск, требующий мужества, находчивости и самоотверженности. Дед выполнял важнейшие задания, рисковал жизнью, приближая долгожданную победу. Ему довелось участвовать в освобождении Варшавы, а затем – в решающем Берлинском сражении. Я горжусь тем, что он был частью этой великой истории.

Победа в этой страшной войне стала возможна благодаря мужеству и героизму солдат на передовой, а также самоотверженному труду миллионов людей в тылу.

Важную роль на пути к Победе сыграла моя страна, Казахстан, став одним из ключевых тыловых регионов СССР. На

территории Казахстана боевые действия не велись, но республика была одним из мобилизационных центров, где были размещены эвакуированные жители со всей страны, которые обеспечивали фронт оружием, техникой, продуктами и сырьём. Здесь формировались воинские части, в том числе легендарная дивизия генерала Панфилова, защищавшая Москву.

Как сказал Маршал Победы Георгий Жуков: «Тыл – это половина Победы, даже больше». С первых дней войны на плечи женщин, стариков и подростков легла огромная ответственность. Фабрики и заводы, перестроенные на военные нужды, работали круглосуточно: выпускались танки, самолёты, оружие, патроны – всё, без чего невозможно было бы одержать победу на фронте.

Особое значение имела работа колхозов. Как я могу забыть о том, что в моей семье тружеником тыла была прабабушка Какоткина Пелагея. На начало войны ей было всего 17 лет, но несмотря на юный возраст она наравне со взрослыми взяла на себя тяжёлый труд, заменив мужчин, ушедших на фронт. Трудилась в сложных условиях, часто без техники, вручную, выполняя нормы, превышающие довоенные. Ее самоот-



Какоткина Пелагея
Ивановна

верженность стала важным вкладом в Победу. Каждый колосок, каждый мешок зерна отправлялись на фронт. «Все для фронта – все для Победы!» – главный лозунг советского народа в годы войны. Для меня важно, что вклад моей прабабушки в Победу был отмечен государственными наградами: медалями за Победу в Великой Отечественной войне на пятидесяти, шестидесяти и шестидесятипятилетний юбилей.

Я горжусь тем, что в Казахстане после распада СССР, День Победы входит в число самых важных государственных праздников. В мае, на территории страны проводятся праздничные мероприятия, посвященные Победе над фашизмом. Неслучайно 9 Мая называют всенародным праздником, потому что против армии Гитлера и его союзников воевала не одна нация или страна, а многие народы. Я считаю, что память о борьбе с фашизмом важна для молодого поколения. Пока в наших сердцах живёт память о великом подвиге нашего народа, эти слова будут звучать вечно: Никто не забыт. Ничто не забыто.

Очень важно нам, молодежи, не забывать историю Великой Отечественной войны. Помнить о войне, о ее Героях и их героических поступках, о тех лишениях, ужасах и боли, героизме и самопожертвовании жителях нашей Родины, которые через это всё прошли, но сохранили мужество, доброе сердце и любовь в родной стране.

Анастасия БАНАХОВИЧ,
город Сарқан.



Құт қонған зағамына ырысты елден

Жомарт ИГІМАН

Алдымызда жүрген санаулы ақсақалдарымыздың мінез-құлықтары әр қилы екендігі елге аян. Заман ағымына сай құбылмай-ақ әрқашан өзін бірқалыпты ұстайтын ағаларымыз, құдайға шүкір жетерлік.

Әр ауылдың алтындай қазынасы, ақыл мен парасаттың дариясы, қайыңның бездеріндей қариясы бар дегенде Жетісу өңіріндегі Сарқан елді мекенінде ғұмыр кешіп келе жатқан абыз ақсақалдарымыз ойға оралады. Осы кісілердің өкшесін басып, екеуі бір отбасында араға ай салып туған күндерін тойлайтын Оралхан аға мен Жеңіс апай биыл, міне, 80 жасты еңсерді.

1945 жылы 1 шілдеде Ақсу ауданының Шадай ауылында жеңіс қызуы басылмай жатып майдангер Оразбай отағасының шаңырағында дүниеге келген Орекең он екі жасқа дейінгі ғұмырын ең бақытты шағым деп есептейді. Күншолпан ана құшағындағы алаңсыз кезіне ол дүниенің ең қымбатын да теңгере алмайды. 1957 жылы айналдырған ауру анасын алып кеткеннен кейін оған ерте есеюге тура келеді. 1959 жылы Қарасу жеті жылдық мектебін бітіріп, Алтынсарин атындағы орта мектептің жанында пансионат-интернатқа қабылданып, осы жерде тәрбиеленіп, орта білім алады.

Екінші Дүниежүзілік соғыс Жетісу өңірін айналып өтпегені айдан анық. Сұрапыл соғыстың алғашқы күндерінен бастап батысқа аттанған тепсе темір үзетін азаматтардың жартысынан астамы майдан даласында қаза тапса, елге оралған майдангерлердің дені әртүрлі деңгейде алған жарақаттарының салдарынан ұзақ өмір сүре алмады. Әкесі Оразбай қанды қасап қырғынды өз көзімен көрген адам. Қатты жараланып, әуірімдеп аман қалып, 1943 жылы туған жеріне оралып, Ақсу ауданының Қарасу балалар үйінде жұмыс істеп жүрген жерінен 1944 жылдың соңында қайтадан майданға алынады. Қайтадан от жалынға енеді. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсызға өлім жоқ» дегендей жансөзін майдангер жеңіс күнін көреді. Соғыстан соң 3-4 жыл қираған қалаларды қалпына келтіруге атсалысып, туған жеріне 1948 жылы оралады. Өзі кеткенде дүниеге келген ұлының қаз-қаз басқанын, тәйтәй жүргенін емес, құлдырандап жүгіріп жүргенін бір-ақ көреді ол. Соғыстан алған жарақаты жанын сыздатып жүріп 1972 жылы өмірден өз жолын тапқан Оралхан перзентінің қолында қайтыс болды. Бір әулеттен түлеп ұшқан алтау еді. Апайы Гүлбаршын, ағалары Төлеген, Орал, бауырлары Төлеубек, Айтқұрман өмір парағын ертерек жапты да, қимастарының соңында қалған Орекең туғандарының рухына арнап құран оқытып тұрады.

Ата-ана қамқорлығынан тыс интернат-та тәрбиеленгендер Абайдың «Өзің сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген өлең жолдарына еріксіз ден қояды. Оралхан Оразбайұлын жастайынан алға бастаған сол еңбегі мен ақылы екені даусыз. Мектеп қабырғасында-ақ білімімен, жігерімен дараланған он сегіз жасар бозбалаға мектепте дене шынықтыру пәнінен дәріс берген ұстазы Жаркент ағайы дұрыс бағдар берді. Өзі аудандық оқу бөліміне ертіп барып, бөлім басшысына болашағынан үміт күттіретін жас спортшы ретінде Оралханды таныстырып, оқуға түсуге әзірше мүмкіндігі жоқ бозбалаға жұмыс тауып беруді сұрайды.

САРҚАН АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ТУЫП-ӨСКЕН ӨҢІРІНІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ АРНАҒАН ОРАЛХАН ОРАЗБАЙҰЛЫ ДАУЫТОВТЫҢ ЖУЫРДА СЕКСЕН ЖЫЛДЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫ АРҚАУ БОЛҒАН "ӨТКЕН КҮНДЕР. ӨШПЕС СӘТТЕР..." АТТЫ КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ. МЕРЕЙГЕРГЕ ҰЗАҚ ҒҰМЫР ТІЛЕЙ ОТЫРЫП, КІТАПТЫҢ АЛҒЫ СӨЗІН ҰСЫНАМЫЗ.

Бөлім бастығы болайын деп тұрған жас жігіттің белін буып, болашағына сәт-сапар тілеп, Ерікті орта мектебінің директоры Қаншайым Әбеуовамен сөйлесіп, сол мектептің денешынықтыру пәнінің оқытушылығын сеніп тапсырады.

Осы жерде ол өмірлік серігін жолықтырды. Мектептен соң өзі оқыған білім ордасында пионер ұйымының жетекшісі қызметінде жүрген биязы мінезді жас қыз Жеңіспен танысады. Бірте-бірте осы таныстық достыққа, сыйластыққа, бірте-бірте үлкен махаббатқа ұласарын ол кезде екеуі де білген жоқ шығар.

Ерікті орта мектебінде мұғалімдікпен еңбек жолын бастап, ол келер жылы Қарулы Күштер қатарына шақырылады. Әскерден келген соң 1967 жылы Ақсу ауданы орталығындағы Сәтпаев атындағы орта мектепте оқушыларға бастауыш әскери дайындық пәнінен дәріс береді. Араға жыл салып, жүрегінде от болып маздаған, қаншама жылдар хат жазысып тұрған сүйіктісімен тағдыр қосады. Жеңіс апай екеуі қол ұстасқалы ойға алған арман-мақсаттары біртіндеп жүзеге асады.

Құттықтаймыз!

Сарқан ауданының Құрметті азаматы **Оралхан Оразбайұлы Дауытовты** 80 жасқа толған мерейлі жасымен құттықтаймыз!

Деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс-байлық, көңіліңізге шалқыған шаттық тілейміз! Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын!

Бағдаршам боп ортамызда жүр дәйім,

Таусылмасын ғибратың, өнегең.

Берекемен жалғассыңшы жылға айың,

Ұрпағыңмен өріс жайсын керегең!

Аудандық Ардагерлер ұйымы.

Мектептен қол үзбей жүріп Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының тарих факультетінде сырттай оқиды да 1970 жылы денешынықтыру және спорт жөніндегі Ақсу аудандық комитетінің төрағалығына тағайындалды. Осыдан бастап қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан көрінеді, Ақсу, Бөрлітөбе аудандарында «Қайрат» ерікті спорт қоғамын, «ДОСААФ» аудандық комитетін басқарады. 1975 жылы Сарқан қаласына қызмет бабымен ауысып, аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушылығына қабылданады. Бір-ер жыл аудандық киноторабын басқарады.

Оралхан ағаның содан бергі отыз жылы осы өңірде жұртшылықтың көз алдында өтіп келеді. Адалдық, қарапайымдылық, қайырымдылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, төзімділік және қанағатшылық сияқты қасиеттер төлбесіктен басталып, оның тұрақты қағидасына айналғаны – ақиқат. Аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушылығы, «Көкөзек» совхозының партия комитетінің хатшылығы, аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы


бөлімінің меңгерушілігі ол жүріп өткен жол. Облыстық партия комитетінің мүшесі болды, облыстық кеңестің депутаты ретінде ел-жұрттың мұңын бөлісіп, жүгін көтерді. Педагогикалық жоғары біліммен қоса 1980 жылы Талғар ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, зоотехник мамандығын алуы оның ел-жер мұқтажын біліп, зерделі басшы болуына игі ықпалын тигізгені сөзсіз.

1984 жылы Көкөзек совхозынан кейін аудандық партия комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, мәдениет саласы кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған ол 1989 жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Г.Суминнің басшылығымен, аудандық партия комитеті бюросының қаулысымен Сарқан аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына тағайындалды.

Оралхан аға 1992-1996 жылдары Сарқандағы облыстық балалар үйінің директоры болып қызмет атқарды.

–Сол кездерде ел басқарған азаматтар оң көздерімен қарап, балалар үйіне көп көмек көрсетті,-деп еске алады ағамыз.

ОРАЛХАН ДАУТОВ



ӨТКЕН КҮНДЕР.
ӨШПЕС СӘТТЕР...

мұндап ізденген, талпынған, шарқ ұрған шақтарын нақты мысалдармен өрнектеп беріпті. Бұл қос мақала өткен ғасырдың 93-94 жылдарындағы қиыншылықты есімізге түсірді. Сол бір жылдары панасыз балалардың интернат үйінің директоры болған Оралхан Оразбайұлының мемлекет бөлген миллиондардың құнсызданған тұсында балалар үйін сақтап қалу үшін «Бөбек» қорын жағалағаны, қалталылар арасынан демеуші іздеп қыжалат болғаны көз алдымызға келеді. Зейнетке шықса да халықтың ықылас ыдысы төмендеп көрмеген ұлы тұлға Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың үйінде болып, балалар үйі тәрбиеленушілерінің сәлемін жеткізгені де сол жылдар еді.

Ақыры аяққа тартса басқа жетпейтін кедейдің көрпесіндей бюджет тапшылығы салдарынан балалар үйінің қысқарғанын да көз көрді. Бұдан соң Орекең еншісіне аудандағы еңбек биржасын, зейнетақы орталығын басқару тигені бар. Халық мүддесін көздеп кезінде облыстық кеңеске, бертінде облыстық Мәслихатқа депутат болып сайланып, көпшілік пікірін жоғары деңгейде көтергені де көпшіліктің есінде.

Талдықорған облысындағы даму мүмкіндіктері шектелген балаларға арналған санаулы көмекші мектеп – интернаттардың бірі Сарқанда орналасқан. Алакөл, Ақсу, Сарқан аудандарының аумағын қамтитын облыстың солтүстік-шығыс өңірінен дәрігерлердің дәру – дәрмегіне, жанашырлардың ыстық ықыласына мұқтаж жүзден астам бала осы оқу – тәрбие орнының қарауында.

Облыстық бюджеттен қамсыздандырылатын мектеп – интернат шын мәнінде тасбауыр тағдырдың талқысына түскен тасмандайлар үшін жылы уя болып табылады. Мұнда ағаштан ою ойып, темірден түйін түйетін болашақ ісмер, шеберлер, өз ісінің мамандары – тігіншілер, етікшілер дайындауға мүмкіндік беретін цехтар, емдеу – шынықтыру залы, оқушының тілін, ойын қалыптастыратын арнаулы кабинеттер жұмыс істейді.

Мектеп – интернат директоры болған жылдары Оралхан Дауытовтың өмірлік тәжірибесі жұмысты жүйелі жүргізуге игі ықпалын тигізді.

Сексен жасқа ел-жұрттың ортасында жетіп отырған Орекең туралы әңгіме қозғалғанда зайыбы Жеңіс Мансұрқызының жібектей мінезін, ұл-қыздарының тәрбиелілігін айналасындағылар жыр қылып айтады. Қыз-ұлдары Жанар, Анар, Сембек, Гүлнар, Серік жоғары білім алды, қазір Алматыда, Астанада, Өскеменде тәуелсіз еліміздің білікті мамандары сапында. Келіні Дәлал, күйеу балалары Дүйсет, Серікхан, Ғабит осы отбасының туған перзенттеріңдей. Ұл-қыздардан сүйіп отырған немере-шөберелерінің әңгімесі айтылса таңға таусылмайды. Өмірдің мәні ұрпақ сабақтастығы емес пе?

Мемлекеттік тіл – менің тілім

ҚАЗАҚИ ҚАЛЫП ҚАЛЫПТАСТЫ МА?

Бүгінгі Алаш ұранды қазақ баласы басқан жерінің, атар таңының алдында қазаққа тәуелсіздік сыйлаған ата-бабаларымызға қарыздар екендігін естен шығармауы тиіс. Сондықтан да әрқайсымыз өз ортамызда ұлтымызға ұстын болу, оның мәртебесін асқақтату үшін үлес қосуға міндеттіміз. Өз ортамызда, жүрген жерімізде, ұжымымызда қазақы қалып қалыптасты ма әлде баяғыша бірсарынды күйбең тірлікпен жүріп тілдің мұңын кейінгі ұрпаққа қалдырып кетеміз бе?

Шындығына келгенде тіліміздің қолданыс аясын кеңейту бағытында әлі де жайбасарлықтан, кертартпалықтан арылмай келе жатқанымыз бойында қазақ қаны бар азаматтарды алаңдатпай қоймайды екен. Бас қоса қалғанда көпшілігіміздің ішкі алаңымыз үндес болып жатады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі № 29-23 «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығын әлі күнге дейін орындамай -ов, -ев жалғауына жабысып жүргендер көптеп саналады. Ескі көзқарастан арыла алмағандар өздерімен қоймай немерелерінің аты-жөнін де жаңа қағидаға сай жаздыруға салғырт қарайды.

Осы жайбасарлықтың зардабын айтпай кетуге болмайды. Кеңестік кезеңде қазақтың аты-жөні құжаттарда орысшаға икемделіп, қате жазылғаны жасырын емес. Ұлтын, әулетін, тегін білдіретін



маңызды нышан болғандықтан осынау ұлттық мәні мен маңызы айрықша мәселеге жүрдім-бардым қарамауымыз керек. Тегіміздегі, аты-жөндегі қателік ата-бабамызға деген құрметтің кемшіндігінің айғағы. Жеті атасын білгісі келетін кейінгі ұрпақ қазақи мәнін жоғалтқан есімдердің мағынасын таба алмай жүрмесіне кім кепіл?

«Үгіттеудің ең жақсы түрі – үлгі көрсету» деген қанатты сөз бар. Аты-жөнді өзгерту туралы Жарлық күшіне енісімен алғашқылардың бірі болып сол 1996 жылдың мамыр айында құжатымды дұрыстатып, -ов, -ев тен құтылған болатынмын. Содан бері қаншама жылдар бойы тегімнің қазақша қалпы құжат айналымында кедергісін тигізген жоқ. Осы үрдіспен біздің әулеттің кейінгі буыны біз көрсеткен үлгіден ауытқымай келеді.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі күнге дейін әділет басқармасының құжаттандыру бөлімдері ұлты қазақ азаматтарға туу т-

ралы куәлік пен паспорт берерде қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын сақтамай жазады. Әр есім Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының сараптамасынан өткен, бекіткен Қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық ережесіне сәйкес жазылғаны құба-құп болар еді. Ең бастысы мемлекеттік тілге басымдық беретінімізді жеке үлгімізбен насихаттай бергеніміз абзал. Ақша алғанда банкоматтан қазақ тілін таңдасақ, кез-келген құжатты мекемелерден ана тілінде сұрастырсақ, қате жарнама көрсек түзетуге әрекет жасасақ қана тілдік орта қалыптастырамыз.

Қазақ тілінің кеңінен дамуы үшін мемлекеттік тілді білуді міндеттейтін заң қабылдануы керек. Біз қолданып жүрген заңды құжаттағы «мемлекеттік тілді білу – парыз» дегенді екінің бірі мойындай қоймайды. Парызды сана-сезімі жетілген қоғам қана түсінеді. Сондықтан мемлекеттік тілді білу міндеттелсе ешкім де қия баса алмай, жылдар бойы көкейде тұйтыл болған мәселе заң тұрғысында шешілері анық.

Қазақ үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманның салтанат құруы ұлтымыздың өзіне байланысты. Мәшһүр Жүсіп бабамыздың көрегендікпен айтылған осы сөзінің шындыққа айналуы үшін қапы қалмай серпілгеніміз, сергігеніміз, ділді және тілді түзегеніміз қажет-ақ. Ұлттық намысты қамшылап, еліміздің келешегі үшін тағдыршешті бұл іске әрқайсымыздың үлес қосуымыз маңызды.

Жомарт ИГІМАН.

Тарихи маңызы зор шайқас

Аңырақай шайқасы — қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресіндегі шешуші әрі тарихи маңызы зор ұрыстардың бірі. Бұл шайқас 1729 жылы (кей деректерде 1730 жылы) қазіргі Жамбыл, Алматы облыстарының шекарасына жақын Аңырақай тауы маңында болған.

XVII-XVIII ғасырларда Жоңғар хандығы қазақ жеріне үнемі шабуыл жасап отырды. 1723 жылы басталған "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" кезеңінде қазақ халқы ауыр апатқа ұшырады. Осыдан кейін үш жүздің билері мен батырлары бірігіп, жоңғарларға қарсы кең көлемді соғыс ашты.

Қазақ қолын басында Әбілқайыр хан басқарды. Ұрысқа әйгілі батырлар — Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Малайсары, Жасыбай, Жәнібек батыр және басқа да қолбасшылар қатысты.

Қазақ жасақтары біріккен түрде жоңғарларды бірнеше бағыттан қыспаққа алды. Аңырақай маңындағы шайқаста қазақ әскері жеңіске жетті.

Шайқастың нәтижесі мен маңызы ерекше болды. Бұл жеңіс жоңғарлар үстемдігін әлсіретіп, қазақ халқының рухын көтерді. Үш жүздің бірлесіп әрекет етуі ұлттың біртұтастығын көрсетті.

Дегенмен, кейінгі жылдары қазақ хандары арасындағы алауыздық бұл бірліктің ұзақ сақталуына мүмкіндік бермеді.

Аңырақай — Жамбыл облысы мен Алматы облысының шекарасында орналасқан тау жотасы. Бұл жер әскери-стратегиялық маңызға ие болған.

Қорытындылай келе, Аңырақай шайқасы — қазақ тарихындағы ел бірлігінің, батырлықтың, отансүйгіштіктің көрінісі деуге болады. Ол ұлттың тағдырын шешкен елеулі оқиға болды.

М. ЕЛЕУСИЗОВ,
Сарқан ауданы тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны жүріп жатқанын білесіздер. Бұл маңызды бастама халықтың кең қолдауына ие болды. «Таза Қазақстан» – озық ойлы қоғам құруға арналған идеологиялық тұғырнаманың ажырамас бөлігі. Бұл – тек қоршаған ортаның тазалығын емес, ой мен сана тазалығын сақтау деген сөз. Себебі қоғамдық әдеп пен заңға деген құрмет айналадағы тазалықтан басталады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ЖАЛҒАСУДА

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы еліміздің барлық аймағында жалғасын тауып, жалпыхалықтық эко-челленджге айналды. Бүгінде бұл шараға ерікті жастар мен белсенді студенттер ғана емес түрлі мекеме қызметкерлері мен тұрғындар да атсалысуда. Басты мақсат – қоршаған ортаны сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясы Сарқан өңірінде қарқынды түрде жалғасуда.

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №88 қаулысына сәйкес, Сарқан ауданы әкімінің 2025 жылғы 08 сәуірдегі «Ауданның елді мекендерін көктемгі-күзгі санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру екі айлығын өткізу туралы» №131 қаулысымен 2025 жылғы наурыз айының 11-нен мамыр айының 15-не дейін көктемгі және қыркүйек айының 15-нен қараша айының 15-не дейін күзгі ауданның елді мекендерін абаттандыру, санитарлық тазарту, көркейту екі айлығы болып жарияланып, аудандық іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілді.

Ауданның елді мекендерін санитарлық тазалау, абаттандыру іс-шараларының жоспары бойынша ағымдағы жылдың наурыз - мамыр айларында жалпы аудандық сенбіліктер өткізілді.

Жалпы өткізілген сенбіліктерге орташа есеппен 1000-нан аса аудан тұрғындары жұмылдырылып, 250 тоннадан артық күл - қоқыс шығарылып, 3745 түп ағаш көшеттері отырғызылды. Оның ішінде 1595 қылқанжапырақты, 2150 жапырақты.

Сонымен қатар Республика аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалғасуына байланысты аудан аумағында 2025-2026 жылдарға жұмыс кестесі құрылып бекітілді және жоспарға сай жұмыстар атқарылуда.

Өз тілшіміз.



•Ауылшаруашылығы

Жаңа технология шаруашылықтарға тиімді

Сарқан қаласындағы жаңалықты жатсынбайтын ауыл шаруашылығы құрылымдарында заманауи технологияларды енгізу белсенді түрде жүзеге асуда. Қаламызға қарасты "BN Agro" шаруа қожалығы суару жүйесінде жаңа үлгідегі полиэтиленді (ПЭ) су құбырларын қолдана бастады. Аталмыш құбырлар — жоғары қысымға төзімді, ұзақ мерзімді пайдалануға жарамды және орнату жағынан тиімділігімен ерекшеленеді.

Полиэтилен құбыры – бұл қазіргі таңда ауыл шаруашылығында жиі қолданылатын, икемді әрі төзімді материал. Ол тот баспайды, жеңіл әрі орнату кезінде қосымша шығынды қажет етпейді. Сонымен қатар, су ағынын жылдам өткізіп, суару жұмыстарын әлдеқайда ыңғайлы әрі үнемді етеді.

"BN Agro" шаруа қожалығы 180 млн. теңге көлемінде қаражат жұмсап, барлығы 1,5 шақырымдық полиэтилен құбырға тапсырыс берген. Қазіргі таңда 500 метрлік құбыр орнатылып, қант қызылшасын суару жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қалған 1 шақырым құбыр алдағы аптада жеткізіліп, толық іске қосылады деп жоспарлануда.

«Жаңа полиэтилен құбырлар арқылы суару әлдеқайда ыңғайлы. Уақыт үнемделеді, судың ысырап болуы азаяды. Бұл – біздің өңір үшін таптырмас шешім», — дейді қожалық басшысы Мират Абдрахимов.

Жаңа технологияны енгізу өңірдің ауыл шаруашылығын дамытуға серпін беріп, су үнемдеу, еңбек өнімділігін арттыру бағытында үлкен қадам болмақ.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Білімнің қауінар көзі – TopIQ

Оқушы мен мұғалімнің қолында, Қызық екен ойын менен оқуда. Электронды кітаптардың әлемі, TopIQ - көмектесер білім алу жолында.

Видеолар, суреттер мен ойындар, Оқушыға керектінің бәрі бар. Онлайн түрінде мұғаліммен бірлесе, TopIQ мен әсер озат балалар!

Талшын СЕКСЕНБАЙ,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің 2 сынып оқушысы.
Жетекшісі:
А.БЕРИККАЛИЕВА,
информатика пәнінің мұғалімі.

ОРИЕНТИРОВКА

Разыскивает-ся без вести пропавший **Ахметов Самат Кумарханович** 05.07.1960 гр. уроженец Саркандского района, область Жетісу, который 01.10.2018 года ушел из дома



и до настоящего времени неизвестно его местонахождение. При этом страдает болезнью «Шизофренией».

Всех кто знает о месте нахождения без вести пропавшего Ахметова С.К., просим позвонить по тел: 8-701-379-89-39, 8-708-423-24-15, 8(72839)2-15-30.

М.БЕЙСЕНБІ,
старший оперуполномоченный ОКП Саркандского РОП, капитан полиции.

FSM & SOCIAL МОБИЛЬДІ ПЛАТФОРМАСЫ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бірыңғай цифрлық платформасы арқылы әлеуметтік қолдау шараларының бизнес-процестерін цифрландыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылғы шілде айының 5-інде Сарқан қаласында, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шеңберінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын автоматтандыруға арналған FSM Social цифрлық платформасын енгізу бойынша жобалық топпен (құрамында: Отбасын қолдау орталықтарының жұмысын үйлестіру жөніндегі мобильдік қосымшаны жасақтаушылар) оқыту семинарлары өткізіледі.

«FSM Social» мобильдік қосымшасы арқылы атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жүйесі жеңілдей түсті. Енді мұндай қолдау түрі «FSM Social» мобильдік қосымшасы арқылы жүзеге аспақ. Ол атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде отбасылардың материалдық жағдайына зерделеу жүргізетін учаскелік комиссиялардың жұмысын автоматтандыру мақсатында әзірленіп отыр.

Учаскелік комиссиялардың жұмысын автоматтандыру бағытында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі биылдан бастап «FSM Social» мобильдік қосымшасын қолданысқа енгізді. Осыған байланысты, еліміздің түкпір-түкпірінде мамандар арасында арнайы оқытулар өткізілуде. Оқуға Жетісу облысы, Сарқан қаласы, «Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының мамандары мен өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және қолдау көрсетуді ұйымдастыру бойынша құрылған мобильді топ мүшелері қатысады. Сарқан ауданы бойынша мобильді топ мүшелерінің ішіне 123 адам кіреді.

Мобильді топ мүшелеріне - ішкі істер және пробация органдарының, білім, денсаулық сақтау, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіреді. Яғни, осы топ мүшелерінің мақсаты - өмірлік қиын жағдайдағы, қолайсыздықтағы отбасыларды (тұлғаларды), балаларды анықтау, оларды бұндай жағдайдан шығару және әлеуметтік оңалту. Мобильді топтың негізгі міндеттері- барлық анықталған отбасылар мен жағдайлар бойынша жедел түрде атаулы, кешенді көмек көрсетуді ұйымдастыру.

А.САРСЕНОВА,
«Жанұя отбасын қолдау және
Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы
КММ-нің әлеуметтік қызметкер
кейс-менеджері.

Фонде социального медицинского страхования отметили, что устойчивая положительная динамика в медицинских организациях является результатом проведенной системной работы по финансовому оздоровлению. В начале 2024 года кредиторская задолженность медицинских организаций составляла 82,3 млрд тенге по 537 медицинским организациям.

«По итогам проведенной работы в сфере финансового оздоровления медицинских организаций наблюдается устойчивая положительная динамика. Кредиторская задолженность сократилась на 12% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года — с 111,6 млрд до 98,4 млрд тенге. Важно отметить снижение просроченной задолженности более чем на треть — с 21 до 13,4 млрд тенге. Это стало возможным благодаря своев-

Жарты млрд теңгеге жуық қаржылық және процедуралық кемшілік анықталды

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің аудиторлары Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің жұмысында айтарлықтай кемшілікті анықтаған. Атап айтқанда, қаржылық және процедуралық бұзушылықтың жалпы сомасы – 417,2 млн теңге.

Оның ішінде 341,8 млн теңге – орынсыз төлемдер. Бұл ақша іс жүзінде атқарылмаған жұмыстарға жұмсалған. Айталық, сыртқы жарықтандыру орнатылмаған, сондай-ақ әрлеу жұмыстары соңына дейін аяқталмаған. Ал тиісті қаражаты төленген дизель генераторы жеткізілмеген.

Қалған 75,4 млн теңгеге байланысты процедуралық кемшілік байқалған: келісімшарттарда қарастырылған мерзімдер сақталмаған, сол секілді тапсырыс беруші тарапынан өндірушіні жауапқа тарту бойынша қандай да бір әрекет жасалған жоқ. Мәселен, қызмет ұсынушыны мемлекеттік сатып алымның жосықсыз қатысушысы деп тану бойынша сотқа арыз беруден бас тартқаны белгілі болды.

Аудит қорытындысы бойынша тиісті бөлімге анықталған кемшіліктерді жою туралы нұсқама жіберілді. Материалдар құқық қорғау органдарының тарапынан да қаралып жатыр.

Бюджеттік процестегі тәуекелдерге дереу ден қою шаралары

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы жалақы төлеуге бағытталған бюджет қаражатының пайдаланылуына бақылауды күшейту мақсатында Ішкі мемлекеттік аудит комитеті "Онлайн бюджеттік мониторинг" модулінің функционалын кеңейтті.

Қазіргі уақытта Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан қазынашылық органдары арқылы жүргізілген жалақыны аударуға онлайн мониторинг жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың 5 айында "Онлайн бюджеттік мониторинг" қорытындысы бойынша білім беру саласында жалпы сомасы 372,8 млн теңгеге 781 тәуекел төлемі анықталды. Жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша 99,4 млн теңге сомасына бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану фактісі анықталды. Осы сомадан мекемелер бюджетке 2,9 млн. теңгені өз бетінше өтеді. Бұзушылықтар сомасы 96,5 млн теңгеге кінәлі адамдар сотталып, жазасын өтеп жатыр.

Денсаулық сақтау саласында анықталған тәуекел төлемдері бойынша 27 объектіге 20,4 млн теңге сомасына 29 хабарлама жіберілді, олар бойынша бақылау іс-шаралары жүргізілуде.

Мәдениет және спорт саласындағы "Онлайн бюджеттік мониторинг" модулін пайдалана отырып, тәуекел мәртебесі бар жалпы сомасы 17,7 млн. теңгеге шоттар анықталды, олар бойынша тәуекел 1,6 млн. теңге сомасына расталды. Қаражат бюджетке толығымен өтелді.

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті алдын ала бақылауды күшейтуге, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі қаржылық бақылаудың тиімді тетіктерін одан әрі жетілдіруге бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыратын болады.

Жетісу облысы бойынша ІМАД жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімі.

Выявлены финансовые и процедурные нарушения на сумму порядка полумиллиарда тенге

Серьёзные нарушения в работе госучреждения «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района» выявили аудиторы Департамента внутреннего государственного аудита по области Жетісу. Общая сумма финансовых и процедурных нарушений составила 417,2 млн тенге.

Из них 341,8 млн тенге – это необоснованные выплаты. Деньги ушли на якобы выполненные работы. В частности, отсутствует наружное освещение, не завершены отделочные работы, а дизель-генератор, за который заплатили, так и не был поставлен.

Оставшиеся 75,4 млн тенге связаны с нарушением процедур: не соблюдены сроки исполнения договоров, а заказчик вообще не предпринял никаких действий, чтобы привлечь поставщика к ответственности. В том числе отказался подать судебный иск о признании его недобросовестным участником государственных закупок.

По итогам аудита учреждению выдано предписание устранить выявленные недоработки. Материалы находятся на рассмотрении в правоохранительных органах.

Меры реагирования на риски в бюджетном процессе

В целях усиления контроля за использованием бюджетных средств, направленных на выплату заработной платы в сфере образования, здравоохранения, культуры и спорта, Комитетом внутреннего государственного аудита расширен функционал модуля «Онлайн бюджетный мониторинг».

В настоящее время, со стороны Департамента внутреннего государственного аудита по области Жетісу проводится онлайн мониторинг перечислений заработной платы, произведенной через органы Казначейства.

За 5 месяцев текущего года по итогам «Онлайн бюджетного мониторинга» в сфере образования выявлено 781 рискованных платежа на общую сумму 372,8 млн тенге. По результатам проведенных контрольных мероприятий установлен факт нецелевого использования бюджетных средств на сумму 99,4 млн тенге. Из этой суммы учреждения самостоятельно возместили в бюджет 2,9 млн. тенге в бюджет. На сумму нарушений 96,5 млн тенге виновные лица осуждены и отбывают наказание.

В сфере здравоохранения 27 объектам по выявленным рискованным платежам направлено 29 уведомлений на сумму 20,4 млн тенге, по которым ведутся контрольные мероприятия.

С использованием модуля «Онлайн бюджетный мониторинг» в сфере культуры и спорта были со статусом риска выявлены счета на общую сумму 17,7 млн. тенге по которым риск подтвержден на сумму 1,6 млн тенге. Средства полностью возмещены в бюджет.

Департаментом внутреннего государственного аудита по области Жетісу будет продолжена системная работа, направленная на усиление превентивного контроля, а также на дальнейшее совершенствование системы управления рисками и эффективных механизмов внутреннего финансового контроля.

Отдел планирования, анализа, отчетности и контроля качества ДВГА по области Жетісу.

КРЕДИТОРСКАЯ ЗАДОЛЖЕННОСТЬ МЕДОРГАНИЗАЦИЙ СОКРАЩЕНА НА 12%

ременным мерам Министерства здравоохранения, включая принятие Плана мероприятий по повышению финансовой устойчивости и введение мониторинга задолженности и заработной платы с участием региональных управлений здравоохранения», – сообщила заместитель председателя правления Фонда социального медицинского страхования Индира Саркенова.

Комплексный подход включал ряд мер. В мае 2024 года был проведен анализ финансовых показателей по 30 медицинским организациям для выявления потенциальных рисков увеличения кредиторской задолженности до конца теку-

щего года. Утвержден «План мероприятий по улучшению финансовой устойчивости через оптимизацию кредиторской задолженности медицинских организаций» с краткосрочными и системными мерами. Утвержден порядок мониторинга своевременной выплаты заработной платы медицинским работникам и кредиторской задолженности медицинских организаций с привлечением управления здравоохранения регионов.

Данные меры позволили оперативно реагировать на финансовые проблемы медицинских организаций и не только стабилизировать ситуацию, но и обе-



спечить условия для устойчивого управления финансовыми рисками в системе здравоохранения страны.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».

Әкімшілік қызметкерлеріне алғысым шексіз

Пенденің пейілі тарылған мына заманда біреуден қамқорлық пен жанашырлық көрсетсең жаның жылуға бөленіп, кеудең нұрға толып шын жүректен алғыс айтады екенсің. Қым-қуыт тірлікте күн сайын неше түрлі жағдай орын алады. Сондай қиыншылық алланың қалауымен біздің басымызға да келді. Құдай қосқан жолдасым, ауылдық әкімшілікте күзетші болып қызмет атқаратын Жайназаров Нұрділда Шаймерденұлының оқыстан денсаулығына зақым келіп, иығын зақымдап алған болатын. Алла қолдап, Талдықорған қаласында операция жасалды.

Осындай сын сәтте сөздерімен де, қаржылай да қолдау көрсеткен Алмалы ауылдық әкімшілігіне, оның ішінде ауыл әкімі Доланбаев Берік Сегізбайұлына және сол ұжымға мың алғыс айтамын. Құрметті Алмалы ауылдық округінің әкімшілік қызметкерлері! Сіздерге шын жүректен алғысымызды білдіреміз! Еңбектеріңіз жана берсін, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға табыс тілейміз! Қиын кездегі қамқорлықтарыңыз үшін зор ризашылығымды ақтарамын.

Сондай-ақ осы апта мемлекеттік қызметкерлер кәсіби мерекелерін атап өтті. Жалпы, әкімшілік қызметкерлеріне алғыс айту – олардың қажырлы еңбегін бағалаудың маңызды көрінісі деп білемін. Аялы Алмалымыздың ажарлануында, көркейіп, көктеуінде, қоғамдық тәртіп пен тазалықтың сақталуына қосқан үлестеріңіз орасан зор. Күн сайын атқарып жатқан елеусіз көрінетін, бірақ өте маңызды істеріңіз үшін үлкен рақмет! Сіздердің кәсібиліктеріңіз, жауапкершіліктеріңіз бен тиянақтылықтарыңыз – ауыл абыройын асырып, тұрғындардың мақтаныш тудырады. Қай уақытта да қол ұшын созуға дайын тұратын ықыластарыңыз үшін ерекше алғысымызды білдіреміз.

Ұлжан МАЙТАСОВА,
Алмалы ауылының тұрғыны.

Выражаю искреннюю благодарность!

Я, Паршин Евгений Сергеевич, выражаю искреннюю благодарность сотрудникам Центра обслуживания населения города Саркан за профессионализм, внимательное отношение и оперативную помощь при получении государственной услуги.



Особую признательность хочу выразить директору ЦОНа Шарапиеву Ерлану, а также начальнику отдела ЗАГС города Саркан Динаре за добросовестную работу и уважительное отношение к гражданам.

Сегодня, 20 июня 2025 года, я вместе с супругой обратился в отдел регистрации актов гражданского состояния по вопросу установления отцовства в отношении моего сына, поскольку ранее мы не состояли в браке, и он не был вписан в свидетельство о рождении.

Начальник ЗАГСа Динара оказала нам всестороннюю помощь, подробно объяснила порядок действий, помогла грамотно составить заявление. Всего за один час мы получили новое свидетельство о рождении, в котором я указан как отец.

Несмотря на то, что я не обладаю юридическими знаниями, благодаря профессионализму и чуткому отношению сотрудников ЦОНа и ЗАГСа — Ерлана Шарапиева и Динары, — вся процедура прошла быстро, понятно и без лишних трудностей.

После этого моя супруга спустилась на первый этаж и прикрепилась к местной поликлинике, так как ранее не была прикреплена. Отмечу, что в здании ЦОНа чисто, аккуратно, приятно находиться. Девушки-специалисты — настоящие профессионалы: вежливые, отзывчивые, неукоснительно поняли мою ситуацию и помогли разобраться в возникшей проблеме.

В преддверии праздника Дня Конституции Республики Казахстан хочу пожелать всем сотрудникам ЦОНа города Саркан благополучия, успехов в труде и благодарных граждан. Пусть все ЦОНЫ страны берут пример с сарканского центра — слаженность, порядок и уважение к людям здесь на высоте!

Хочу отметить, что я проживаю в городе Саркан уже около 28 лет. Сотрудников ЦОНа и ЗАГСа знаю с детства — и всегда, на протяжении всех этих лет, они относились ко мне с пониманием, вниманием и уважением. Никогда не отказывали ни мне, ни другим жителям города. Это действительно заслуживает высокой оценки.

В жизни каждого человека, гражданина Республики Казахстан, а также иностранных граждан часто возникают проблемы юридического характера, сложности с документами. Но я ни разу не слышал ни одного плохого слова в адрес нашего ЦОНа или ЗАГСа. Эти учреждения всегда идут навстречу, разбираются в ситуации, помогают быстро и по-человечески.

Кроме того, прошу руководство уполномоченных органов рассмотреть возможность поощрения начальника ЦОНа Ерлана Шарапиева и начальника ЗАГСа Динары — будь то в форме премирования, вручения благодарственного письма, почётной грамоты или даже представления к государственной награде. Такие сотрудники достойны общественного признания и поощрения за свой вклад в развитие качественного государственного обслуживания в Казахстане.

С уважением Е.ПАРШИН.
г. Саркан.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Баршамыз үшін қадірі бөлек ардақтымыз Ахметжан Мекенұлын 70-жас мерейлі күнімен құттықтаймыз!

“Қарттары бар ел – қазынасы бар ел” – деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бөйтеректей бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз.

Құрметті Ахметжан аға! Біз сізді 22-маусым күнгі туған күніңізбен жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын.

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз.

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!
Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нұрдан айықпасын жүзіңіз!
Тілек еттік шын жүректен бәріміз
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!
Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсін,
Ата-баба аруағы қолдай жүрсін.
Ізгі ниетпен: балдыздары, Кариповтар әулеті.

Қарауылтөбе ауылының тұрғындары
Кемербаев Марат Тоқтасыновичті 6 шілде күні толатын 55 жасымен және **Кемербаева Толқын Омарғалиевнаны** 1 шілде күні мерейлі 50 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл жас-өмірдің кемеліне келген, ақыл мен парасаттың, тәжірибе мен сабырдың тоғысқан кезі. Елу жыл бұл тек жылдар саны емес, бұл жинаған абырой, төккен тер, көрген қызық пен қиындықтың куәсі.

Сіздерге зор денсаулық, отбасылық береке, баянды бақыт, шексіз қуаныш, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Алдағы күндеріңіз бүгінгіден де жарқын, көңіліңіз шат, жүзіңіз жарқын болсын. Жасыңыз жүзге жетіп, ұл-қызыңыздың қызығын көріп, немере-шөбере бағып, аман-есен жүре беріңіздер!

Шын жүректен құттықтаушылар: Бауыржан-Айжан, Айша.



Құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызметші күні қарсаңында ҚР Қазынашылық комитеті қазынашылық органдары арасында конкурс өткізді. “Үздік аудандық қазынашылық басқармасы” номинациясы бойынша Жетісу облысының Сарқан қазынашылық басқармасы жүлделі III орынды иеленді.

Жерлестерімізді республикалық байқаудан алған лайықты жүлдесімен құттықтаймыз!

“Сарқан” газетінің ұжымы.

Құрметті Сарқан қаласының тұрғындары!

2025 жылғы 1–30 маусым аралығында Ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық аясында листинг кезеңі – яғни, тұрғын үйлерді алдын ала аралау жұмыстары жүргізіледі. Жауапты азаматтар мен азаматшалар қаламызды аралайды.

Листинг – бұл санақ емес, бірақ санақтың дәл әрі тиімді өтуі үшін қажет дайындық кезеңі. Санақ жүргізушілердің бейдж-куәлігі мен планшеті болады. Сондықтан қойылған сұрақтарға нақты әрі мәдениетті жауап берулеріңіз сұралады. Сұрақтар бойынша 1446 байланыс орталығына қоңырау шалыңыз немесе Сарқан қаласы бойынша жауапты мамандарға: 8(747)8035506 Тлеужан, +7 (702) 284-87-86 Дидар хабарласаңыздар болады.

Хабарландыру\Объявление

ПРОДАЕТСЯ ДОМ по адресу г.Саркан, ул. Тауелсиздик 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдықорған. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

► «ТурКа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атына тіркелген 3117 BD мемлекеттік нөмірлі көк түсті көлік тіркемесінің 122975 вин нөмірлі тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Открылось наследство после смерти гр. **Исембаева Елфата Рожаповича**, умершей 14 мая 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.

► **Таутеков Андрей Михайловичтің** атына тіркелген 720 ABN 19 мемлекеттік нөмірлі автокөліктің №VJ00001924 нөмірлі тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Емелев Алмас Жакановичтің** атына тіркелген BA3 2121 автокөлігінің 450AFD19 мемлекеттік нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.